

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты Таженова Гульсара Сериковнаның 6D010300-Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Студенттердің медиақұзіреттілігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

### РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТИҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);  2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)  3) <u>Диссертация</u> <u>Қазақстан</u> <u>Республикасының</u> <u>Үкіметі жанындағы</u> <u>Жоғары ғылыми-техникалық комиссия</u> <u>бекіткен ғылым</u> <u>дамуының басым</u> <u>бағытына сәйкес</u> <u>(бағытын корсету)</u></p>	<p>Г.С.Таженованың «Студенттердің медиақұзіреттілігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары» тақырыбындағы диссертациялық, жұмысы Қазақстан Республикасының бірқатар зандық құжаттары мен мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес келеді: «ҚР Білім туралы Заны», «Ақпараттандыру туралы Қазақстан Республикасының Заны», «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы, «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары» және т.б.</p> <p>Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді. Оның ішінде:</p> <p>7) «Білім беру мен ғылым саласындағы зерттеулер»;  8) «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласы бойынша зерттеулер».</p>

2.	Фылымға маңыздылығы	<u>Жұмыс фылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған</u>	<p>Диссертанттың зерттеу барысында алынған фылыми-тәжірибелік жетістіктері педагогика және психология ғылымының дамуына елеулі үлесін көсип, білім беру жүйесіндегі маңыздылығын нақтыла і түседі.</p> <p><i>Біріншіден, «студенттердің медиакүзыреттілігі» ұғымының мәнін нақтылауымен, зерттеушінің берген өзіндік анықтамасымен толықтыру арқылы және «медиабілім», «медиакүзыреттілік» түсініктерінің өзара байланысын айқындауымен елеулі үлесін қосады.</i></p> <p><i>Екіншіден, студенттердің медиакүзыреттілігін қалыптастырудың комбоненттері, көрсеткіштері, мазмұны мен әдістері, құралдары, диагностикалық әдістемелері, деңгейлерінен тұратын құрылымдық-қызметтік моделін жасау арқылы елеулі үлесін қосады.</i></p> <p><i>Үшіншіден, ЖКОО-да стүценттердің медиакүзыреттілігін қалыптастырудың тиімділігін арттыратын: медиаөнімдерінің сананы билеушілік астарларынан болатын қауіпті түсінуіне жағдай жасау; медиаөнімдерді тұтынуға сынни көзкарасын қалыптастыру; студенттердің медиамәтіндерді қабылдау және түсіну үрдісін технологиялық қамтамасыз ету сиякты психологиялық педагогикалық шарттарды нақтылаи, негіздеу арқылы елеулі үлесін қосады.</i></p> <p><i>Төртіншіден, студенттердің медиакүзыреттілігін қалыптастыру мақсатында «Медиабілім негіздері» электрлік курс бағдарламасын дайындаған, тәжірибесінде арқылы, «Медиабілім және медиакүзыреттілік» атты оқу-әдістемелік құрал, «Педагогика және психология» мамандығы аясында «Медиапедагог» магистрлік білімнің және бакалаврлар даярлаудың үлгі ББ бағдарламаларын ұсыну негізінде елеулі үлесін қосады.</i></p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Докторант Г.С.Таженова диссертациялық жұмысты жазуда өзі жазу принципін толықтай ұстанған. Фылыми мәліметтерді ұсынуда фылымилық, жүйелілік, бірізділік принциптері сақталған. Барлық талданған мәліметтер түсінікті тілде баяндалған, мазмұнын ұсынуда құрылымдық тұрғыдан талаптарға сәйкес берілген және ішкі бірлікті үйлестіре отырып жазылған, диссертанттың дербес фылыми стилінің жоғары деңгейі көрінеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі негізделген (Кіріспе бөлімінде және тараудың

	<p>негізdemесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>негізделген;</u></li> <li>2) жартылай негізделген;</li> <li>3) негізделмеген.</li> </ol>	<p>1 параграфында). 2017 жылы жариялаған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақалада әлемдегі ең дамыған отыз елдің қатарына қосылу үшін мемлекетіміздің алдында тұрған негізгі басымдықтар анықталып, ұлттың табысты болуы үшін әрбір қазақстандықтың бойында XXI ғасырға лайықты қасиеттер болуы тиістігі негізделді. Қазіргі отандық жоғары білім берудің бәсекелік деңгейі – студенттердін инновацияларды игеру, қарқынды даму үстіндегі әлемдік сұраныстар мен таланттарға жылдам бейімделуі арқылы анықталады. Дамыған мемлекеттердің тәжірибесіне сүйену; олардың ең озық жетістіктерін бойға сініру және медиақұралдар арқылы таралатын ақпараттарды саналы түрғыдан қабылдау болашақ маманың медиасауаттылығы мен медиақұзіреттілігін талап етеді. Сондыктan да, студенттің медиақұзіреттілігін қалыптастыруға бағытталған ғылыми негізделген әдістемелер, жүйелі педагогикалық жұмыс түрлерін іздеңдері басты міндеттерінің бірі болып табылады.</p> <p>Студенттердің медиақұзіреттілігін қалыптастыру оларды заманауи ақпараттық жағдайдағы өмірге дайындауға, ақпаратпен мәдени түрғыда байланыс орнатуға, медиамәтіндерді дұрыс қабылдауға, сондай-ақ ақпараттың психикаға кері ықпалын ұғындыруға, техникалық құралдардың көмегімен вербальды емес коммуникация формасы негізінде карым-қатынас жасау тәсілдерін менгертуге бағытталған кешенді жұмыстардың орындалуын кажет етеді. Жоғары оку орнының цифрландыру жағдайында студенттердің медиақұзіреттілігін қалыптастыру мәселесін ғылыми-теориялық түрғыдан негіздеу және оны өндірісте жүзеге асырудың тетіктерін, әдістемесі мен технологиясын қарастыру бәсекеге қабілетті маман тұлғасын даярлаудың басты алғышарты болып табылады. Демек, Г.С.Таженованың диссертациялық жұмысының өзектілігі негізделген.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>айқындауды;</u></li> <li>2) жартылай айқындауды;</li> </ol>	<p>Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындауды, мазмұны тараулар мен тармақтарына әйкес келеді. Диссертация мазмұны логикалық түрғыдан бірізді қарастырылған және кіріспеден, үш болімнен, әр болім 3 параграфтан, корытындыдан, пайдаланылған</p>

	3) айқындауды	әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Диссертациялық жұмыс әдіснамалық, теориялық тұжырымдарға негізделген. Диссертация мазмұны зерттеудің ғылыми болжамы мен жетекші идеясы бойынша диссертация тақырыбын айқындауды.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді деуге толық негіз бар. Өйткені, зерттеу жұмысының мақсаты студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастыру мәселесін теориялық тұргыда негіздеу, психологиялық-педагогикалық шарттар көшениң айқындау, тәжірибеден өткізуді көздейді. Ал зерттеу міндеттері зерттеудің мақсатына сәйкес «Студенттердің медиақұзыреттілігі» ұғымының мәнін нактылаумен, құрылымын, «медиабілім», «медиақұзыреттілік» түсініктерімен өзара байланысын айқындаумен, студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-қызметтік моделін жасаумен, студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың тиімділігін арттыруға негіз болатын психологиялық-педагогикалық шарттарды негіздеумен, педагогикалық бағыттағы мамандар даярлау білім беру бағдарламаларына енгізуге болатын «Медиабілім негіздері» атты элективті курс пен әдістемесін даярлап, тәжірибеден өткізумен сәйкес келеді.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u> ; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылымы, яғни жалпы құрылымы және қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің ішкі бірлігі логикалық тұргыдан толық байланысқан деген тұжырым жасауга болады. Себебі, диссертациялық жұмыстың ғылыми-тәжірибелік нәтижелері тұжырымдық тұтастығымен, зерттеудің негізгі корытындыларының қисынды бірлігімен сипатталады. Зерттеу нәтижелері жасалған ғылыми болжамының дұрыстығын дәлелден, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін шешуге арналған.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қафидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар;	Диссертацияны орындау барысында алғынған жаңа шешімдер басты мақсатқа негізделгендейтін және теориялық негіздеуді қажет ететін болғандықтан диссидент зерттеу мәселесіне қатысы бар қафидалар мен теориялық тұжырымдарды негізге ала отырып зерттеген. Сондықтан, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағалауда,

		2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	құрылымдық-қызметтік моделін дайындауда, әдістемесінің тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеруде сини талдау бар және бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып баға берілген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қагидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	<p>Докторант Г.С.Таженованың зерттеу барысында алған ғылыми нәтижелері мен қагидаттары толығымен жаңа болып табылады. Докторанттың қол жеткізген бірінші нәтижесі жаңа, себебі, «студенттердің медиақұзыреттілігі» үғымының мәнін нақтылаған және өзіндік анықтамасымен толықтырған, «медиабілім», «медиақұзыреттілік» түсініктерімен өзара байланысын айқындаған.</p> <p>Зерттеу нәтижесінде қол жеткізген екінші нәтижесі де жаңа, өйткені, студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың компоненттері, көрсеткіштері, мазмұны мен әдістері, құралдары, диагностикалық әдістемелері, деңгейлерінен тұратын құрылымдық-қызметтік моделі жасалған.</p> <p>Ушінші нәтиже жаңа, себебі, ЖОО-да студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың тиімділігін арттыруға бағытталған медиаөнімдердің сананы билеушілік салдарынан болатын қауіпті түсінуіне жағдай жасау, медиаөнімдерді тұтынуға сини көзкарасын қалыптастыру, студенттердің медиамәтіндерді кабылдау және түсіну үрдісін технологиялық қамтамасыз етуге байланысты психологиялық-педагогикалық шарттар жиынтығын нақтылап, негізделген.</p>
		5.2 Диссертацияның корытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Толығымен жаңа. Зерттеу жұмысының жаңашылдығы ешқандай күмән тудырмайды. Жұмыстың негізгі аспектілері ғылыми негізделген, әрі шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне, нақты деректерге сілтеме жасай отырып жазылған деп бағаланады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа;	Диссертациялық жұмыс гуманитарлық ғылым бойынша орындалғандықтан және техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқарушылық шешімдерін талқылауды мақсат етпегендіктен жұмысты бағалаудың бұл өлшемі қарастырылмайды.

		2) жартылай жана (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық жұмыстағы тұжырымдалған нәтижелердің негізі бар және шынайы деп қарауға болады. Себебі, зерттеудің әдіснамалық негіздері мемлекеттік бағдарламаларға, заңнамаларға және ғылыми теорияларға негізделуімен және қарастырып отырган ғылыми мәселенің зерттелу деңгейін нақтылаумен, сонымен қатар әртүрлі ғылымдар саласындағы ой-тұжырымдарды саралау арқылы қол жеткізген. Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер мен қорытындылар студенттердің кәсіби даярлауда теориялық және практикалық жағынан құнды материал болып табылады. Зерттеу жұмысында көлтірілген теориялық тұжырымдар, әдіснамалық тұғырлар мен қағидалар, қорытындылар, ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды педагогикалық ЖОО-да, біліктілікті арттыру жүйесі тәжірибелерінде пайдалануға болады.
7.	Корғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u> ; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жок 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жок 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жок	Докторант Г.С.Таженова диссертациялық жұмысы бойынша корғауға төрт қағида ұсынған: 7.1. Диссертацияның негізгі қағидаларының дәлелділігі зерттеу барысында алынған нәтижелерінің талқыға түсіумен, сондай-ақ қорытынды жаңалықтарының әр деңгейінде конференцияларға қатысу арқылы мақалаларының жинақтарда жарық көрүімен, ғылыми басылымдарда жарияланумен расталған және нәтижелерінің тәжірибеге ендірілгендерін растайтын анықтамалардың коса тіркелуі дәлелдейді. 7.2. Тривиалды емес. 7.3. Иә, диссертациялық жұмыстың корғауға шығарған әрбір қағидасы жаңа болып табылады. Бірінші қағида «Студенттердің медиақұзыреттілігі» – тұлғаның акпараттық әлемде дұрыс бағыт алуына БАҚ өнімдерін. Интернет материалдарын сынни тұрғыда талдап, дұрыс бағалау негізінде қолдануына ықпал ететін, тұлғаның танымдық белсендердің, сынни ойлауын, рефлексиясын сипаттайтын, нәтижесінде медиаөнімдерінің түпкі ойын түсінуді, оларды пайдаланудагы акпараттық қауіпсіздікі, психологиялық тұрақтылықты

		<p>қамтамасыз ететін білімдер, біліктер, дағдылар, қасиет–сапалар жиынтығы екендігін негіздеумен дәлелденген.</p> <p>Диссертациялық жұмыс бойынша қорғауға шығарылған екінші қағида студенттердің медиақұзыреттіліктерін қалыптастырудың күрылымдық–қызметтік моделі мотивациялық, танымдық–әрекеттік, бағалаушылық компоненттер мен олардың көрсеткіштерінің, әдіснаманың іс–әрекеттік, құзыреттілік, аксиологиялық, семиотикалық тұғырлары мен ұстанымдары, біртұтас педагогикалық үрдістің құрамалары: мазмұн, әдіс технологиялар, құралдар негізделген, зерттеліп отырган сапаның деңгейін аныктайтын әдістер мен әрекеттер жиынтығынан тұратын күрылымы талданған.</p> <p>Қорғауға шығарылған үшінші қағида студенттердің медиақұзыреттіліктерін қалыптастырудың психологиялық–педагогикалық шарттары жоғары оку орынында студенттердің осы сапасын жетілдіруді жоғары деңгейге көтеруге ықпал етуде басшылыққа алынатын; медиаөнімдерінің сананы билеушілік астарларынан болатын қауіпті түсінуіне жағдай жасау; студенттердің медиаөнімдерді тұтынуға сыни көзқарасын қалыптастыру; студенттердің медиамәтіндерді қабылдау және түсіну үрдісін технологиялық қамтамасыз ету сияқты өзара байланыстағы әрекеттер жиынтығы. Олардың жаңашылдығы зерттеу пәнімен байланыстырылғында, мазмұндық толықтырылғында және кешенді негізделуінде болыш табылады.</p> <p>Төртінші қағида авторлық «Медиабілім негіздері» атты элективті курсының мазмұнында көрініс табады. Аталған элективті курста медиабілімнің ролі, бағыттары, негізгі терминдері, теориялары, медиабілімнің даму кезеңдері, медиақабылдау мәселелері, медиабілім сабактарын үйімдастыру түрлері зерделенген. Бағдарлама мазмұнын игеру интербелсенді, проблемалық, эвристикалық, ойын әдістемелері мен шыгармашылық сипаттағы практикалық сабактар арқылы жүзеге асып, студенттердің медиамәтіндердің сыни талдау негізінде саналы қабылдау қабілетін қалыптастыру қарастырылған.</p> <p>7.4. Диссертациялық жұмыстың қолданбалық деңгейі орташа, өйткені, зерттеу нәтижесінде нақтыланған жаңа үйимдар,</p>
--	--	--

		<p>түсініктер мен қағидалар ЖОО маман дайындау саласында пайдаланылады. Ұсынылған элективті курс та ЖОО студенттеріне арналған.</p> <p>7.5. Иә, макалаларда дәлелденген, зерттеудің негізгі нәтижелері докторанттың 22 ғылыми еңбегінде көрініс тапқан, оның ішінде 6 макала КР БжFM Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдардағы журналдарда, 2 макала Scopus акпараттық базасына кіретін журналдарда, 6 макала халықаралық конференция материалдарында, 5 макала шетелдік конференция материалдарында, 1 макала Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында жарияланған. Сонымен қатар, 1-элективті курс бағдарламасы, 1 оку-әдістемелік күрал жарық көрген.</p>
Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған акпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>иә;</u> 2) жоқ	<p>Диссертациялық жұмыс мәселені зерттеуге қажетті әдіснаманың құзыреттілік, аксиологиялық, іс-әрекеттік, семиотикалық тұғырлары мен жан жақтылық, теориямен тәжірибелің бірлігі, тұлғаның әлеуетін дамыту ұстанымдарына негізделген. Сонымен қатар, тұлғаның іс-әрекетте калыптасуы туралы философиялық, психологиялық, педагогикалық тұжырымдамалар, тұлға теориясы; ғалымдардың акпараттық мәдениетті дамыту, өзін-өзі дамыту; тұлғалық-бағдарлы оқыту тұжырымдамасы, медиақұзыреттілікті қалыптастыру жайындағы ғылыми еңбектерді басшылыққа алуымен негізделеді.</p>
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алғынған: 1) <u>иә;</u> 2) жоқ	<p>Докторант Г.С.Таженова студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттарын анықтаудың мақсатын, болжамы мен міндеттерін шешу үшін алғынган диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алғынған:</p> <p>Оған дәлел саулнама, тестілеу зерттеу бойынша алғынған нәтижелерді өндөудің математикалық-статистикалық әдістерін қолданып, тиісті ғылыми нәтижелерге кол жеткізуі. Сонымен қатар, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Білімді дамыту институтының біліктілікті жетілдіру бағдарламасы бойынша 72 сағат көлемінде «Медиасауаттылық» атты Онлайн курсы</p>

			өткізуі де докторанттың компьютерлік технологияларды қолдану арқылы зерттеу жұмысын аprobациялағандығын дәлелдейді.
	8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>иа</u> ; 2) жоқ	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Эксперименттік жұмыс Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті мен Тараз мемлекеттік педагогикалық университеттінің (қазіргі М.Х.Дулати атындағы Тараз ғылыми-зерттеу институты) базасында үйімдастырылған. Экспериментке 128 студент қамтылған. Докторант эксперименттік зерттеу барысында Н.П.Фетискиннің «Ақпараттық технологиялар танымы» диагностикалау әдіstemесін түрлендіріп «Ақпарат туралы таным» диагностикалық әдіstemесін және Н.Луканованаң «Киберэкстремизм «кызметіне карсы күрес түрткілерін қалыптастыру деңгейін диагностикалау әдісін» пайдаланған; ал бұл әдістер компьютерлік технологиялар арқылы жүргізіледі.	
	8.3 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Студенттердің медиакүзіреттілігін қалыптастыруға байланысты философиялық, психологиялық-педагогикалық енбектер, КР БЖФМ реңми құжаттары, альс-жакын шетелдік ғалымдардың жетістіктері, докторанттың зерттеушілік тәжірибесі бойынша маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.	
	8.4 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Барлығы қажетті деп танылатын және сенімді дереккөздер саны 229 әдебиетті қурайды.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Барлығы қажетті деп танылатын және сенімді дереккөздер саны 229 әдебиетті қурайды.	
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>иа</u> ; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңыздылығы бар, өйткені, жоғары мектеп педагогикасының теориясына «студенттердің медиакүзіреттілігі» үғымының мәні нақтыланған түрде ұсынылған және зерттеушінің берген өзіндік анықтамасымен толықтырылған. Аталған үғымның «медиабілім», «медиакүзіреттілік» түсініктерімен өзара байланысы айқындалған. Автор студенттердің медиакүзіреттілігін қалыптастырудың шарттарын анықтау мақсатында түрлі әдіснамалық тұтырлардың жиынтығын жүйелей алған. Студенттердің медиакүзіреттілігін қалыптастырудың компоненттерін, көрсеткіштерін, математикалық әдіstemелерін, құралдарын, диагностикалық әдіstemелерін анықтап, күрылымдық-

			<p>қызметтік модельді жасауы диссертациялық жұмыстың теориялық маңыздылығын көрсетеді. ЖОО-да студенттердің медиакүзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттар жиынтығын нақтылауы да жұмыстың теориялық маңызының бар екендігіне дәлел.</p>
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	<p>Диссертацияның практикалық маңыздылығы бар, себебі студенттердің медиакүзыреттілігін қалыптастырудың күрылымдық-қызметтік моделі жасалып, аprobациядан откізілген. «Медиабілім негіздері» элективті курс бағдарламасы; «Медиабілім және медиакүзыреттілік» атты оку-әдістемелік құрал, «Педагогика және психология» мамандығы аясында «Медиапедагог» магистрлік білімнің және бакалаврлар даярлаудың үлгі ББ бағдарламалары дайындалған.</p> <p>Зерттеудің практикалық нәтижелерін жоғары және арнаулы оку орындары тәжірибесінде, мұғалімдердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институттары мен жалпы орта білім беретін мектептердің білім беру үдерісінде пайдалануга болады.</p>
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?	<p>Практикалық ұсыныстары жартылай жаңа болып табылады, өйткені, университет жағдайында студенттердің медиакүзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық және психологиялық жұмыстарды аудиториядан тыс шараларда жан жақты жүзеге асыруды жоспарлау, тұркты және жүйелі ұйымдастыру, студенттердің бүл сапаларын қалыптастыру үшін «Медиабілім негіздері» пәнін барлық педагог мамандарын даярлайтын оку орындары мен орта білім беретін ұйымдардың оку бағдарламасына ендірудің мүмкіндігін қарастыру. ЖОО-да студенттердің медиакүзыреттілігін қалыптастыру арқылы БАҚ өнімдерінің сананы билегіштік әсерінің алдын алуды толькканды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін әдістемелік-дидактикалық ресурстық базасын құру деген ұсыныстар бұган дейінгі зерттелген жұмыстарда ұсынылған.</p>
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары;</u> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	<p>Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертация академиялық жазу ерекшеліктеріне сай дербес аяқталған жұмыс, ғылыми стильді ұстанған, жүйелі құрылымды сақтаған, сілтемелерді орынды қолдана білген. Диссертацияны жазу барысында академиялық жазу ерекшеліктерімен қоса, жауапкершілік</p>

			ұстанымын басшылыкка алған. Диссертация мазмұндың негізгі ұғымдық категориялар жүйесі жеткілікті жазылған. Диссертацияның күрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген таланттарға сәйкес келеді.
--	--	--	---

**Шешім:** Гульсара Сериковна Таженоваға 8D011- Педагогика және психология (6D010300/8 D01101-Педагогика және психология) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

Ресми рецензент, педагогика ғылымдарының докторы,  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының  
профессоры

П.Б.Сейітқазы

18.02.2022

